

Ж.Ш. Дильдебаева^{1*} , К.С. Ахмет¹ , Д. Түркйылмаз² 

¹Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Анкара Қажы Байрам Уәли университеті, Анкара, Түркия

*e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com

XXI ҒАСЫР ПРОЗАСЫНДАҒЫ СЮРРЕАЛИСТІК ШЫҒАРМАЛАР

Мақалада қазіргі қазақ прозасында жазылған сюрреалистік бағыттағы шығармалар қарастырылады. Талданған туындылардан жаңа жазу тәсілдеріне ұмтылыс, тақырыптық ауқымның кеңеюі, психологиялық тереңдік, тілдік-структуралық ізденіс және ұлттық құндылықтарды жаңа эстетикалық ракурста таныту үрдісі байқалады. Зерттеу нысаны ретінде Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» повесіндегі Саржан кейіпкер арқылы ұлттық өнердегі ірі тұлға ретінде қалыптасудың қиындықтары баяндалса, Роза Мұқанованың «Тұтқын» шығармасындағы кейіпкер өзін ұлы санайтын, түрлі галлюцинациялық мезеттерге ұшырап отыратын суретші ретінде, Талаптан Ахметжановтың «Қылбұрау» әңгімесінде кейіпкерлер психологиясы түс, елес арқылы бейнеленеді. Алмаз Мырзахметтің «Жазушы жазбасы» шығармасында реалды өмір мен кейіпкер әлемінің арасындағы мистикалық элементтер мен тылсым оқиғалардың көркемдік талап ерекшеліктері зерттелген. Қолғанат Мұраттың «Бөтен» әңгімесінде кейіпкердің бір уақыт пен кеңістікке байланбауы шығарма өзегі болса, Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» романында Арслан бейнесі арқылы имандылықтан аттаған, арсыздардың өмірі мен тарихын баян етеді. Зерттеудің мақсаты – XXI ғасыр қазақ прозасындағы сюрреалистік сипаттағы шығармаларды айқындап, ондағы түс, елес, галлюцинация, мистикалық және иррационалдық көріністердің көркемдік қызметін талдау. Осы мақсатқа сәйкес сюрреалистік поэтиканың негізгі белгілерін анықтау, оларды нақты шығармалар жүйесінде салыстыра қарастыру және қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістермен сабақтастығын көрсету міндеттері алға қойылды. Талдау барысында сюрреалистік шығармалардың негізгі ерекшеліктері айқындалып, түс пен елес мотивтері арқылы қоғамдағы дағдарыстық құбылыстардың астарлы түрде берілуі қарастырылады. Сонымен қатар мұндай тәсілдің оқырман санасында үрейге негізделген психологиялық әсер туғызу қызметі анықталады.

Түйін сөздер: сюрреализм, түс, елес, сюрреалистік сілемдер, қазіргі қазақ прозасы.

Zh.Sh. Dildebayeva^{1*}, K.S. Akhmet¹, D. Turkyilmaz²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey

e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com

Surrealist Works in 21st-Century Prose

The article examines surrealist works written in contemporary Kazakh prose. The analyzed works demonstrate a striving for new modes of writing, an expansion of thematic range, psychological depth, linguistic and structural experimentation, and a tendency to present national values from a new aesthetic perspective. The objects of the study include the novella "Қыпшақ аруы" ("The Kipchak Maiden") by Mukhtar Magauin, the work "Тұтқын" by Roza Mukanova, the short story "Қылбұрау" by Talapтан Akhmetzhanov, "Жазушы жазбасы" ("Writer's Notes") by Almaz Myrzakhmet, "Бөтен" ("The Stranger") by Kolganat Murat, and the novel "Үлкен үйдегі үрей" ("Fear in the Big House") by Saule Doszhan. The aim of the study is to identify works of a surrealist nature in twenty-first-century Kazakh prose and to analyze the artistic function of dreams, visions, hallucinations, mystical, and irrational representations in these texts. In accordance with this aim, the objectives were to determine the main features of surrealist poetics, examine them comparatively within a set of specific works, and demonstrate their connection with the artistic explorations of contemporary Kazakh prose. The study determines the specifics of surrealist works, emphasizing the depiction of societal crises through the characters' dreams and visions, introducing a sense of anxiety and fear into the reader's consciousness.

Keywords: surrealism, dream, vision, surrealist layers, contemporary Kazakh prose.

Ж.Ш. Дильдебаева^{1*}, К.С. Ахмет¹, Д. Туркыйлмаз²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Анкарский университет имени Хаджи Байрама Вели, Анкара, Турция

*e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com

Сюрреалистические произведения в прозе XXI века

В статье рассматриваются произведения сюрреалистического направления, написанные в современной казахской прозе. В анализируемых произведениях наблюдаются стремление к новым способам письма, расширение тематического диапазона, психологическая глубина, языково-структурные поиски и тенденция к представлению национальных ценностей в новом эстетическом ракурсе. Объектом исследования являются повесть «Қыпшақ аруы» Мухтара Мағауина, произведение «Тұтқын» Розы Мукановой, рассказ «Қылбұрау» Талаптана Ахметжанова, произведение «Жазушы жазбасы» Алмаза Мырзахмета, рассказ «Бөтен» Колганата Мурата и роман «Үлкен үйдегі үрей» Сауле Досжан. Рассказ «Қылбұрау» Талаптана Ахметжанова, где психология персонажей передается через сны и видения. Цель исследования – выявить произведения с сюрреалистическим характером в казахской прозе XXI века и проанализировать художественную функцию снов, видений, галлюцинаций, мистических и иррациональных образов в этих текстах. В соответствии с данной целью были поставлены задачи определить основные признаки сюрреалистической поэтики, рассмотреть их в системе конкретных произведений в сравнительном аспекте и показать их связь с художественными поисками современной казахской прозы. В процессе исследования определяется специфика сюрреалистических произведений, акцентируется внимание на передаче кризисных явлений в обществе через грёзы и видения персонажей, с введением в сознание читателя тревоги и страха.

Ключевые слова: сюрреализм, сон, видение, сюрреалистические пласты, современная казахская проза.

Кіріспе

Әдебиеттегі сюрреализм өз бастауын француз ақыны Г. Аполлинер шығармашылығынан алды. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстардың аралығындағы тарихи кезеңде сюрреализм модернистік эстетиканың ықпалды ағымдарының бірі ретінде қалыптаса бастады. Бұл бағыт әдеби кеңістікпен ғана шектелмей, көркем мәдениеттің өзге салаларында да белсенді тарады. Кескіндеме, қолданбалы өнер, театр және шығармашылық тәжірибелерде сюрреалистік бейнелеу тәсілдері кең қолданыс тапты. Сюрреализмнің 20-30 жылдардағы негізгі өкілдері Андре Бретон мен Филипп Супоның «Магниттік өрістер» кітабының шығуымен байланысты. Сюрреализмнің дадаизмнен ірге бөлектенуі 1919 жылдың қазан айынан басталады. «Магниттік өрістер» сюрреализм теориясының практикадағы ең айқын үлгілерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл мәтінде автор сананы реттейтін қалыпты бақылау тетіктерін әдейі әлсіретіп, жазуды бейсаналық формаға бағындырады. Нәтижесінде туынды «автоматтық жазу» қағидасымен беріліп, сол сипатта көрінеді. Сюрреалистік эстетика үшін мұндай тәсіл кездейсоқ таңдау емес. Бағыт өкілдері шығармашылық еркіндікті тарихи және әлеуметтік орта орнықтырған моральдық-этикалық нормалар мен шектеулерден

тәуелсіз ұстаным ретінде қабылдап, өнер актісін сананың сыртқы бақылауынан босатуды негізгі шарттардың қатарына енгізді. Бұл ағымның жанашылдығы психоаналитик З. Фрейд пен психиатр П. Жаненің медицина саласындағы феноменологиялық зерттеулерінің әдебиетке ықпал етуінен көрініс тапты. Француз сюрреализміне қатысты Жерар де Нерваль, Бодлер, Лотреамон, Рембо сынды тұлғалардың есімдері жиі аталады. Символизм мен сюрреализм арасындағы байланыс аясында бұл бағыттың өкілдері Раймон Руссельді осы ағымның мүшесі ретінде қарастырды. Оның шығармалары XIX ғасырдың соңынан бастап жарияланғанымен, сюрреалистер оны өздерінің эстетикалық концепцияларына сәйкес қабылдағанға дейін кеңінен танылмады. Руссельдің туындылары дәстүрлі әдеби нормаларға сай келмегендіктен, олардың авторы қалыпты сананың өкілі ретінде қарастырылмады. Оның идеалистік эстетика қағидаттары тек шығармашылық әдіс қана емес, сонымен қатар өмірлік дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде көрініс тапты. Осы көзқарастың ықпалымен Руссель әлеуметтік оқшаулануға бейім болып, жақын және бөгде адамдармен қарым-қатынасты шектеуге ұмтылды. Бұл үрдіс оның жеке шығармашылық кеңістігін қалыптастыру және субъективті шындықты конструкциялау әрекеті ретінде түсіндірілуі мүмкін. Андре Бретонның

«Сюрреализм және кескіндеме» еңбегі, Стерье-пулу Ап. Эленидің «Введение в сюрреализм» атты еңбегінде сюрреализмнің қалыптасуы мен «Магниттік өрістер» кітабы жайлы зерттеу жұмысына арналған. В.С. Степин, А.А. Гусейнов, Г.Ю. Семигиннің редакциялауымен жарық көрген «Новая философская энциклопедия. В четырех томах» атты ұжымдық еңбекте бірқатар сюрреализм бағытына қатысты ғылыми жұмыстарға талдау жүргізілген. Мақалада XXI ғасырда жарық көрген сюрреализм бағытындағы прозаға талдау жүргізіледі. Жоғарыда аталған еңбектерде сюрреализм бағытындағы шығармаларға толыққанды салыстырмалы зерттеу жасалмағанын айтуға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, мақалада XXI ғасырдағы қазақ прозасындағы сюрреалистік сипаттағы мәтіндер алғаш рет бір арнаға топтастырылып, олардың ортақ поэтикалық белгілері мен дара стильдік көріністері салыстырмалы түрде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» повесі, Роза Мұқанованың «Тұтқын», Талаптан Ахметжановтың «Қылбұрау», Алмаз Мырзахметтің «Жазушы жазбасы», Қолғанат Мұраттың «Бөтен» атты әңгімесі мен Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» романы алынды. Аталған туындылардағы ерекшеліктерді саралауда сюрреализмге қатысты жоғарыда аталған зерттеушілердің ғылыми еңбектері алғышарт болып саналады. Мақалада зерттеу материалдарындағы сюрреалистік мотивтердің ортақ сипаттары мен семантикалық мәні айқындалады. XXI ғасыр әдебиетіндегі сюрреалистік мотивтер мен сюжеттердің қолданысындағы ұқсас құбылыстардың айырмашылықтары мен ортақ тұстарын салыстыра қарастыруда салыстырмалы-типологиялық әдіс қолданылады. Зерттеу нысандарына қатысты авторлар мен сыншылардың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған пікірлері қосымша түсіндірмелік дерек ретінде пайдаланылды. Бұл тәсіл зерттеу нысанына қатысты мәтіндердің контекстін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Талдауға алынған шығармалар XXI ғасырдағы қазақ прозасында сюрреалистік поэтиканың әртүрлі көріністерін таныту әлеуетіне қарай іріктелді. Іріктеу барысында түс көру, елес, психикалық ауытқу, мистикалық шындық, уақыт

пен кеңістіктің шартты бұзылуы, кейіпкердің ішкі дағдарысын иррационалдық формада беру сияқты белгілер негізгі өлшем ретінде алынды.

Мақалада шығармаларды сюрреалистік сипатта танудың негізгі өлшемдері ретінде түс көру, елес, галлюцинациялық көріністер, санының автоматизмге жақын ағыны, шындық пен иррационалдық кеңістіктің қабаттасуы және кейіпкердің ішкі психологиялық дағдарысының бейсаналық формада берілуі негізге алынды.

Салыстырмалы-типологиялық талдау осы шығармалардағы ортақ сюрреалистік мотивтер мен әр автордың дара көркемдік шешімін ажырату мақсатында қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Сюрреализм Франция шеңберінен әлдеқайда асып түсетін жаһандық мәдени құбылыс ретінде сипатталады (Forcer, 2019; Shamilova, 2024). Оның іздері АҚШ, Латын Америкасы, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс аймақтарынан, сондай-ақ қазіргі әзербайжан поэзиясы мен визуалды поэтикасынан да көрініс табады. Америкалық және латынамерикалық прозада сюрреализм магиялық реализммен, тілдік эксперименттермен және саяси радикализммен байланыстырылады (Joron, 2020; Strauss, 1996). Ал афро-сюрреализм технологиялық дәуірдегі диаспора тәжірибесіне басымдық береді (Spencer, 2019).

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі проза жанрындағы әр бағытқа бірқатар ғалымдар талдау жүргізген және бір-біріне ұқсас, бірақ ерекшеліктері бар бағыттардың мотивтерін ғылыми саралауға мүмкіндік беретін іргелі еңбектер жарық көрген. Андре Бретонның «Сюрреализм және кескіндеме» деген еңбегінде сюрреалистердің философиялық эстетикалық манифестін жазса, «Манифест сюрреализма» атты зерттеуінде автоматты жазу мен жекелік концепциясына сюрреалистік тұрғыдан анықтама берген. С. Исаев пен Е. Гальцева «Антология французского сюрреализма» атты еңбекте сюрреализмнің XIX ғасырдағы француз романтизмінен бастау алатынына тоқталған. Л.Г. Андреев «Сюрреализм» атты еңбегінде сюрреализмнің адам санасында ғана болатын, адам сенгісіз құбылыстар жиынтығы екенін, сондай-ақ ғажайыптан асқан ғажайып жоқ екенін жазған. Стерье-пулу Ап. Эленидің «Введение в сюрреализм» атты еңбегінде сюрреализмнің қалыптасуы мен «Магниттік өрістер» кітабы жайлы зерттеуіне тоқталады, В.С. Степин, А.А. Гусейнов, Г.Ю. Семигиннің редак-

циялауымен жарық көрген «Новая философская энциклопедия. В четырех томах» атты ұжымдық еңбекте сюрреализмнің шығармашылық әдісінің негізіне, бағыт ретінде кейбір психикалық механизмдерді өзгеріске ұшырататынына тоқталған. Ж.Ж. Жарылғапов, С.Ү. Такиров, Ә.М. Жақұлаевтың «Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм» атты монографиясында сюрреализм бағытының ерекшеліктеріне, олардың оқырман санасына қалай әсер беретінін баяндаса, Ж.Ш. Саметова «Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)» атты докторлық диссертациясында сюрреализм негізінің таралуына тоқталып, XX-XXI ғасыр жазушыларының көркем шығармаларындағы сюрреалистік бағыттағы кейіпкерлердің ерекшеліктеріне тоқталған. Ж.С. Аширов «Әдебиет пен өнердегі сюрреалистік айшықтар» атты мақаласында А. Бретон мен Ф. Супоның «Магниттік өрістер» кітабына тоқталып, оның жанрлық ерекшелігін, автоматты жазудың қолданысын зерттеген.

Теориялық және салыстырмалы пайымдар қазіргі қазақ прозасындағы сюрреалистік белгілерді ұлттық әдеби дәстүрмен сабақтастықта, бірақ әлемдік модернистік тәжірибеден тыс қарастырмау қажеттігін көрсетеді. Осы еңбектер қазақ прозасындағы сюрреалистік белгілерді тек сыртқы стильдік ұқсастық деңгейінде емес, ұлттық көркем ойлау жүйесімен және әлемдік модернистік тәжірибемен сабақтастықта қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Академик З. Қабдолов «әрбір әдеби ағым – белгілі дәуірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі» екенін атап көрсетіп, оның тарихи категория ретінде қоғамдық дамудың нақты кезеңіндегі саяси-әлеуметтік сипатпен туып, сол ортамен бірге өзгеріп отыратынын айқындайды (2007, б. 343). Осы қағиданы XX ғасырдың алғашқы жартысында Еуропа мен Америка поэзиясында орныққан сюрреализм бағыты анық дәлелдейді. Сюрреалистік поэтикада кейіпкердің «қосарлануы», өзімен-өзі сөйлесу құбылысы, ішкі дауыс пен қиял-елес арқылы туатын диалогтар жетекші орын алады. Мұндай модельдің архетиптік негізі алғашқы қауымдық санадағы «көлеңке» феноменіне телінетін түсініктермен байланысады. Адам өз көлеңкесін «өзге бір ұқсас тұлға» ретінде қабылдап, сол арқылы өз-өзімен сұхбатқа түседі деген сенімдер

кейін көркем өнерде «қосалқы, ұқсас образдар» туралы пайымдардың орнығуына ықпал еткен (Жарылғапов, 2015, б. 32-42). Әдеби кеңістікте бұл құбылыс кейіпкердің ішкі монологы мен ішкі диалогы түрінде құрылып, психологиялық талдауда адамның ойымен оңашалануы, өзіндік рефлексиясы ретінде тиянақталады.

Сюрреалистердің тағы бір тұрақты тәсілі – кейіпкердің сандырақ күйі, түс көру, елес көру сияқты бейсаналық көріністерді композициялық өзекке айналдыру. Жазушы осы арқылы қоғамдағы өзгерістер мен іркілістерді тікелей баяндамай, символдық және иррационалдық бейнелер арқылы «алдын ала сездіру» стратегиясын қолданады. Соның нәтижесінде оқырман санасында мазасыздық пен қорқыныш тудыратын әсер күшейеді. Бұл мәнер уақыт өте сюрреалистік мәтіннің стильдік белгісіне айналды. Көркем бейнелеудің эстетикалық өлшемі «жадырату» немесе «ләззаттандыру» ғана емес, психикаға қысым жасайтын ықпал дәрежесімен өлшенеді. Сондықтан тартыс сыртқы әрекеттен гөрі ішкі кеңістікте өтеді. Яғни кейіпкердің екіұдай күйі, өзін-өзі айыптауы не ақтауы, өзімен-өзі айтысуы сюжеттік динамиканың негізгі арнасы болады. Психологиялық қақтығыс шегіне жеткен тұста тұлғаның өзін-өзі жоюға дейін баратыны да осы логикадан туындайды. Адамның ақыл-ойы мен тәндік болмысы өзіне қарсы қойылып, үрейдің тұйық шеңбері түзіледі (Жарылғапов, 2015, б. 32-42). Сюрреализмнің теориялық-эстетикалық негізінде З. Фрейд психологиясына сүйену орын алған. Прозадағы көптеген мәтіндер түс әсерін шығармашылық импульс ретінде қарастырып, бейсаналық мазмұнды көркем құрылымның жетекші қабатына шығарады. Қазіргі қазақ прозасында осы бағытта көркем шығармалар жазыла бастады.

Әдебиеттануда сюрреализмнің бастауын француз ақыны Г. Аполлинер шығармашылығымен байланыстыруы, автор өз пьесасының жанрын «сюрреалистік драма» деп атауы бағыттың атаулық әрі эстетикалық өрісін нақтылаған. Болмысты айшықтау барысында сюрреализм адамды өзі құрамдас бөлігі саналатын табиғаттан дара тануға ұмтылып, тұлға болмысындағы иррационалдық қабаттарды жүйелеуге, жіктеуге талпыныс жасады (Аширов, 2018, б. 190-191).

«Магниттік өрістер» кітабының авторларының пайымдауынша, еңбек көркем шығарма ретінде емес, ғылыми тәжірибенің нәтижесі ретінде дүниеге келген. Бұл «психикалық автоматизмді» практикалық тұрғыдан іске асыруға

жасалған алғашқы талпыныстардың бірі. Нәтижесінде оқырманды еріксіз баурап алатын жарқын, парадоксалды, әсерлі әрі көбіне күлкілі бейнелердің үздіксіз ағыны пайда болды (Стерьеулу, 2008, б. 56-57). Аталған еңбек сюрреализм теориясының іс жүзіндегі көрінісі болды. Зерттеуде бұл мәтін автордың саналық ерекшеліктері мен шектеулерінен барынша арылған, бейсана деңгейінде жазылған алғашқы туындылардың бірі ретінде сипатталады. Шығарманың жаңашылдығы – психоаналитик З. Фрейд пен психиатр П. Жаненің медицина саласындағы зерттеулерінің әдеби кеңістікте көрініс табуымен айқындалады. А. Бретон анықтаған сюрреализмнің шығармашылық әдісінің өзегі «таза психикалық автоматизмге» негізделген. Ол ойдың нақты жұмыс істеуін ауызша не жазбаша, яки кез келген өзге тәсілмен білдіруді мақсат етіп, ойды жеткізу арқылы ақыл-ойдың бақылауынан тыс, қандай да бір эстетикалық немесе моральдық пайымдаулардан тыс жүзеге асады. Сюрреализм «жоғары шындыққа» деген сенімге, бұған дейін елеусіз қалған ассоциативтік формаларға, түстің (арманның) шексіз үстемдігіне және ойдың утилитарлық емес ойынына сүйенеді. Ол өзге психикалық механизмдерді бұзып, олардың орнына адам өміріндегі аса маңызды мәселелерді шешуге бағдарланған жаңа тетік орнатуға ұмтылады (Степин, 2010, б. 31).

А. Бретон өз еңбегін жариялап, сюрреализмнің философиялық-эстетикалық манифесін негіздей отырып, ақыл-ойдың шындықты толық игере бермейтінін, ал болашақта айқындалатын шындықты ішкі түйсік алдын ала сездіретінін зерттеген. Сонымен қатар сюрреализм түйсік арқылы болмысты болжап, оның өнер мен әдебиетте бекітілетін құбылыс екенін түсіндіреді. Уақыт өте сюрреалистер Гийом Аполлинер мен Андре Бретонды бағыттың жетекші өкілдері әрі «өкіл әкелері» деңгейінде таниды. Натурализм өмір шындығын мүмкіндігінше өзгеріссіз беруге ұмтылса, сюрреализм спиритизм, гипноз, галлюцинациялық елестер секілді шектік психикалық күйлерді көркем ойлау құралдарына айналдыруды құптайды (Жарылғапов, 2015, б. 37).

Қазақ әдебиетіндегі осы арнадағы ізденістер сыртқы формалық ұқсастық танытқанымен, олардың тарихи-мәдени негіздері біртекті емес. Қазақ прозасында премодерндік дүниетаным құрамындағы тылсым әлем туралы ұғымдар, рационалды танымға толық сыймайтын бейсаналық әрекет көріністері кейде шығарманың идеялық желісін, кейде композициялық құры-

лымын айқындап, сюрреалистік нышандар ретінде оқылады. XX ғасырдағы қазақ прозасынан мұндай айшықтарды Ж. Аймауытовтың «Елес» әңгімесінен, Т. Әбдіктің «Оң қол», «Парасат майданы» сияқты туындыларынан, сондай-ақ өзге авторлардың психологиялық-поэтикалық тәжірибелерінен байқауға болады. Қазіргі қазақ прозасында сюрреалистік стильге жақын мәтіндер Мұхтар Мағауин, Роза Мұқанова, Талаптан Ахметжанов, Мұрат Қолғанат, Сәуле Досжан шығармашылығында ұшырасады.

Мұхтар Мағауиннің XXI ғасырда жазылған шығармаларында сюрреалистік стиль байқалады. Соның бір мысалы – «Қыпшақ аруы» повесі. Қ. Мұхамбетқали повесті зерттей отырып шығармада Еуропа әдебиеті мен өнерінде өзекті саналатын күрделі мәселе барын айқындап, оны шешудің көркемдік әдіс-тәсілдерін ұсынғанын атап өтеді (Мұхамбетқали, 2020). Сыншының пайымдауынша, повестегі басты тақырып – адамгершілік құндылықтары әлсіреген, рухани азғындалған «өнер адамының» тұлға ретінде қалыптасуы. Бұл тақырып XX ғасыр басындағы неміс тілді швейцар жазушысы Герман Гессенің «Демиян», «Степной волк» романдарында көтерілген идеямен үндеседі (Мұхамбетқали, 2020). Қ. Мұхамбетқали аталмыш мәселенің XX ғасыр соңына қарай өршігенін, тоталитарлық жүйе жағдайында шығармашылық адамдарының еркіндігі шектелгенін, қоғамдық-мәдени кеңістіктегі әрекет ауқымы тарылғанын нақтылайды. Осы тарихи-әлеуметтік қысым бір мезгілде әрі авторлық, әрі «тірі әрі нақты әдеби кейіпкер» ретінде повестегі Саржан бейнесі арқылы ұсынылып, жазушы тұлғасының мәтін ішіндегі қатысуымен тереңдейді (Мұхамбетқали, 2020). Сонымен қатар сыншы туындының астарында ұлттық өнердің бастауын тану үшін «өз топырағына үңілу» қажеттігі туралы ойдың да Саржан сомдаған қыпшақ аруының кескіні мен соған қатысты оқиғалар желісі арқылы меңзелетінін көрсетеді (Мұхамбетқали, 2020).

Зерттеу нәтижесі XXI ғасыр қазақ прозасында сюрреалистік поэтика дара бағыт ретінде орнықпағанымен, оның түс, елес, галлюцинация, екіге жарылу, мистикалық кеңістік, психологиялық дағдарыс сияқты негізгі белгілері бірқатар шығармаларда тұрақты көркемдік тәсіл ретінде қолданылатынын көрсетті. Бұл белгілер әр авторда әртүрлі формада көрінгенімен, барлығы да шындықты тікелей емес, иррационалдық және астарлы бейнелеу арқылы жеткізуге қызмет етеді.

Повестегі сюрреалистік сипат тарихи уақыттың шартты ыдырауы, тұлғаның екі болмыс арасында еркін ауысуы және өнер адамының рухани дағдарысын тылсым кеңістік арқылы бейнелеуінен көрінеді.

Сюрреалистік стильдің табиғаты реалды өмір мен қиял кеңістігінің арасына қатаң шекара орнатпай, сананың сапырылыстарын көркем уақытпен қатар өрбітуге негізделеді. Қаламгердің кейінгі шығармаларын фольклорлық таныммен сабақтастыра талдаған А. Тойшанұлы автордың хронологиялық тұрғыдан аса ауқымды дәуірді қамту үшін мифопоэтикалық символдарды ұтымды іске қосқанын атап өтеді. Автордың зерттеуінше, хикаятта кеңестік кезеңде өмір сүрген дарынды мүсінші Саржан тылсым жағдайда бүгінгі өмірден «жоғалып», өзінің түпкі бейнесі ретінде қыпшақ ханы Көбектің ұлы, бәдізші Саржан дәуіріне ауысуы өткен мен бүгін, тірі мен өлі, аруақ пен адам кеңістігі тоғысып, өзара «тілдесіп», алмасу жағдайына түседі (Тойшанұлы, 2005, б. 5). Мұнда уақыт пен кеңістікке бағынбау, әлемдер арасында еркін қозғалу, шекаралық кедергілерді елемеу сияқты белгілер мифопоэтикалық танымның ішкі заңдылығын танытады. Сондықтан М. Мағауин бұл туындысында реалистік баяндаудан саналы түрде шегініп, көркем дүниетанымды фольклорлық-мифтік модельдер арқылы ұйымдастырған деген тұжырым жасауға жеткілікті негіз бар.

Мистикалық сарын айқын сезілетін Роза Мұқанованың «Тұтқын» әңгімесінде шындық пен елес шекарасы құбылып, психологиялық ахуал оқиға желісін анықтайтын негізгі факторға айналады. Бұл сипат қазіргі қазақ прозасындағы жаңаша бағыт-бағдардың өзгерісін байқататын белгілердің бірі. Аталмыш шығарманың идеялық-философиялық астарына үңілген кезіндегі сюрреалистердің барша жан-жүйке ауруханаларындағы бас дәрігерлерден науқастарды босатуды талап еткендері ойға түседі. Өйткені олар қоғам тарапынан езгі көрушілер. Ақыл-есі қалыптан тыс сырқаттарда әр адамға тән даралық бар (Нұржанов, 2013, б. 208). Р. Мұқановтың көркем мәтіндегі кейіпкер – өзін өзгелерден жоғары қоятын, жиі галлюцинациялық көріністерге тап болатын, сол елестерді нақты сезім деңгейінде қабылдап, олармен шынайы диалогқа түсетін, пікір таластырып, ашуын білдіріп, өкініш сезімін бастан өткеретін психологиялық ауытқушылығы бар суретші тұлға ретінде сипатталады. Кейіпкердің аты аталмайды, бұл оның бейнесінің жалпылық сипатқа ие екенін

мензейді. Мұндай психикалық күйдегі тұлғалар әлеуметтік нормалар мен этикалық тәртіптерді сақтамаса да, олардың ойлау жүйесі мен эмоциялық реакциялары өмір шындығынан алынған нақты құбылыс ретінде қабылданады. Бұл жерде кейіпкер әрекеттерінің көпшілігі ерік-жігерден тыс, реттелмеген немесе жүйесіз сезімдік және когнитивтік үдерістермен байланысты екені байқалады.

Шығармада суретші кейіпкердің таңбалық бейнесі «Әумесер» ретінде беріледі. Бұл атау кейіпкердің өзін-өзі тануынан туындамаған, керісінше, қоғам тарапынан танылған, сыртқы әлеуметтік бағалаудың көрінісі ретінде көрінеді. Мұндай ахуал сырт көзге оғаш, үрей тудыратын әрі аянышты сипатта қабылданады. Алайда кейіпкердің ішкі дүниесінде – қиялы мен ой кеңістігінде белгілі бір еркіндік байқалады. Бұл еркіндік оның психикалық күйінің тұрақсыздығымен ұштасқан, санадағы ауытқушылықпен қатар жүретін шартты еркіндік ретінде түсіндіріледі. Әумесер әрекет ететін уақыт пен кеңістік категориялары сюрреализм эстетикасына сай келетін бейстандартты, ауыспалы және иррационалды сипатқа ие. Кейіпкер елестің жетегімен көшеде де, шеберханада да еркін қозғалады, онымен елестер мен Өзгелер тілдеседі, кейде оны сынап, ашық түрде кемшіліктерін бетіне басады. Мұндай бейнелеу тәсілі қазіргі қазақ прозасында сюрреалистік әдіснаманың жетекші көркемдік ұстанымға айналуына үмтылысты білдіреді.

«Тұтқын» шығармасындағы сюрреалистік поэтика кейіпкер санасының тұрақсыздығы, галлюцинациялық көріністер мен әлеуметтік нормадан ығысқан ішкі әлемді реалды шындықпен қатар беру арқылы айқындалады. Осы арқылы шығармада сананың ыдырауы мен әлеуметтік шеттелу сюрреалистік бейнелеудің өзегіне айналып, кейіпкердің ішкі әлемі сыртқы шындықтан басым түсетін көркем модель түзіледі.

Қазақ прозасына «Тұма», «Сұлу мен суретші», «О дүниенің қонағы», «Ақиқат жолы», «Мұң» сияқты жинақтарымен елеулі үлес қосқан Талаптан Ахметжанов шығармашылығында да сюрреалистік бейнелеу машықтары байқалады. Жазушының хикаялары мен әңгімелерінде адам тағдыры әр қырынан ашылып, әр туындының әуені, мазмұны мен формасы бірін-бірі қайталамай, керісінше тереңдей түсіп кен астарлы ойлар арқылы бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда «Қылбұрау» әңгімесінде кейіпкер психологиясы түс, елес, жұмбақ көріністер арқылы беріледі. Мәселен, өмірдің тұнғығына түсіп,

жолынан жаңылған Еділдің көзіне Маржан елестеп, көріністің детальдары ерекше символдық сипат алады. Қыздың бүрмелі етегінің астынан шыққан қысқа қыл арқан кейіпкерге жыландай суық көрінуі, бір сәтте Еділдің қара санына оратылып кетуі – оқырман психологиясына әсер етеді. Әңгіменің әсерлі түсі – бұл құбылыстың түсі пе, әлде оң мен елестің аралығындағы белгісіз кеңістік пе екені анықталмайды. Дегенмен кейіпкер есін жиғанда Маржан жоқ болып, ал қылбұрау батқан жердің буылтықтанып ізі қалғаны оқырманды иррационалдық кеңістікке жетелейді. Шығармада «Қолымен сипалап көрсе, қылбұрау батқан жері буылтықтанып ап-анық білінеді» дегені – осының айқын дәлелі (Ахметжан, 2001, б. 24). Бұл деталь автордың адам санасынан тыс, құпия әрі түсініксіз бір әлемнің бар екенін меңзейтін көркем ишарасы ретінде қабылданады. Т. Ахметжанов кейіпкер мүсіндеуде реалистік тәсілдермен қатар сюрреалистік поэтиканы да қатар қолданады. Бір қарағанда логикаға сыймайтын, рационалды талдауға көнбейтін сюжеттер мен мистикалық элементтер арқылы жазушы өзіндік көркем ой айту арнасын қалыптастырады. Кейіпкердің иррационалды ой қозғалысы, психологиялық жай-күйі оның көптеген шығармаларына тән тұрақты сипат. Бұл көбіне түсі көру, өткенді еске алу, сананың шарқ ұрып жауап іздеуі сияқты ішкі механизмдермен сабақтасып, тұлғаның рухани дағдарысын тереңдетеді. Кейіпкер болмысындағы қарама-қарсы сезімдердің шарпысуы, диалогтардың полемикалық сипат алуы шығарманың идеялық өзегін айқындай түседі (Саметова, 2021, б. 48-49).

«Қылбұрауда» түсі пен өңнің ара жігінің жойылуы, заттық детальдың үрей тудыратын символға айналуы және кейіпкер психикасының ішкі құлазу арқылы берілуі сюрреалистік тәсілдің негізгі белгілері ретінде танылады.

Сюрреализмге тән хас белгілерді қазақ прозасында эксперимент жасауға бел буған кейінгі буын өкілдерінен де кездестіреміз. Осы тараптағы ізденіс бағдарын М. Омарова, Қ. Мұрат, А. Мырзахмет сынды жас жазушылардың шығармаларында жиі кездесетінін байқаймыз. Мәселен, Мадина Омарованың кітабын алғаш парақтағаннан-ақ бұрынғы стереотиптердің бұзыла бастағанын танымыз. «Жол үстінде», «Жұмбақ», «Емші апа», «Құдайы тамақ», «Таң алдында», «Күзгі бір кеште» сынды әңгімелері соның дәлелі. «Жұмбақ» әңгімесі бірінші жақтан баяндалып, түн жарымындағы телефон шырылы, аруақпен тілдесу оқиғаларымен жал-

ғасқан. Бас кейіпкердің «Барлығың амансындар ма әйтеуір?» сауалына «Жоқ, жоқ аман емеспіз» деуі (Омарова, 2020). Жас жазушы Алмаз Мырзахметтің «Жазушы жазбасы» әңгімесінде реалды өмір мен кейіпкерлер әлемін контрастқа құра отырып, өзіндік көркем антропология жасауға ден қояды. «Құлағымның түбіне дем алып, қан ұйып қалған көздерін таңдана жұмып-ашып, шашымды иіскеп, мен қозғалған сәтте бұрышқа дыбыссыз жетіп барып, отыра қалатын шығар» – деп ойлап жатқанда ұйықтап кетіппін. Сол түні үйде жалғыз еместігімді түсіндім. Кейін ол қызды тағы көрдім, екі рет... (Мырзахмет, 2013, б. 52). Осы жолдардан-ақ автордың ассоциативтік образ модельдеріне сүйене отырып жаңа нарративтік ізденістерге барады және көркем шығармаларында сюрреалистік элементтер молынан пайдаланылады.

«Жазушы жазбасында» реалды өмір мен тылсым әлем арасындағы шекараның көмескіленуі және кейіпкердің ішкі қабылдау кеңістігінің дербес көркем әлемге айналуы сюрреалистік нарративтің басты тетігіне айналған.

Бұл шығармада сюрреалистік поэтика қорқыныш пен белгісіздікті сыртқы оқиға ретінде емес, кейіпкер санасының қабылдау кеңістігі арқылы ұйымдастырылатын ішкі тәжірибе ретінде танытады.

Жас драматург-жазушы Қолғанат Мұраттың шығармашылығында адам жанының трансгрессиясы, яғни екіге жарылу арқылы сананың тоқтаусыз талпынысын, өмірге деген интенциясын бейсаналық түйсіктің терең қатпарларына бойлай отырып, сюрреализм тәсілімен елес арқылы көрсетіледі. Адам өмір бойы өз-өзіне көңілі толмай, ой легі бір сәтте толастамай, бір белесті бағындырса екінші белеске шығуға ұмтылады. Қолғанат Мұраттың «Бөтен» әңгімесіндегі жынысы белгісіз абстракциялы кейіпкердің белгілі бір уақыт пен кеңістікке байланбай мүмкін шектен мүмкін емес шекке өтуі шағын шығарманың өзегі болып табылады. Ол – анасының жатырында жатқан сәтінен бастап көзіне топырақ түскенге дейінгі өз өмірін сырттай бақылайтын белгісіз кейіпкер ретінде суреттеледі. Бір кейіпкердің ішіндегі екі жанның бірі жұмбақ әлемде саяхат жасаса, екінші серігі өзін сырттай бақылайды. Жеті азат жолдан тұратын әңгіменің әрқайсысының өз оқиғасы бар. Түпсана тереңіндегі әлемде желіп отырған жұмбақ кейіпкер жеті түрлі жағдайды бастан кешіреді, ал белгісіз дауыс сол оқиғаларды ой елегінен өткізіп философиялық тұрғыдан тәпсірлейді. «Ұйықтап жатыр еді, де-

несінен бөлініп шығып кеткен өзін байқап қалды» деген сөйлемде оқырман үшін үлкен салмақпен сырдың бары айқын көрінеді. Драматург-жазушы Қолғанат Мұрат екі дүниенің ортасындағы ерекше әлемнің құпиясын осындай қызық тәсілмен қазады. Шығармашылық қиялы қалыпты шеңберден шыға алатын адам ғана сюрреалистер әлеміне еніп, ондағы тылсым дүниелерді түсіне алады. Жазушы осы әңгімесі арқылы тылсым дүниенің сырын өз танымының шеңберінде беруге тырысқан (Исмаил, 2022, б. 19-23).

«Бөтен» әңгімесіндегі сюрреализм сана бөлшектенуі, тұлғаның өз-өзінен ажырауы және өмірдің бүтін бір метафизикалық сапар ретінде берілуі арқылы көркемдік сипат алады.

Қазіргі қазақ прозасында белсенді жүріп жатқан көркемдік ізденістердің бір арнасы – Америка мен Еуропа әдебиеттерінде кеңінен қолданылып, шығармаларында орныққан сюрреалистік поэтиканың кейбір тәсілдерінің ұлттық мәтін кеңістігінде жанаша игерілуі. Ол мәтіннің қатарына Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» атты романы мысал бола алады. Туынды Қарқаралы ортасындағы сәулеті өзгеше, қоршауы бар көне үйдің қақпасы «күпиялау дыбыспен» қағылған эпизодпен басталып, оқиғаны ғасырдан асқан «үлкен үйдің» өмірбаянына тіреді (Досжан, 2013, б. 3). Негізгі құпия ай толған шақта үйді кезетін елес мотивімен өрбіп, мотив сюжеттік динамиканы ғана емес, мәтіннің атмосфералық құрылымын да ұйымдастырады. Роман кеңістігінің өзегі – Қарқара өңіріндегі тарихи жадымен қабаттасқан көне үй болып табылады. Автор халықтық танымдағы мифологиялық қабаттарды (аруак, қарғыс, кие, жазмыш) көркем жүйеге енгізіп, адами құндылықтардың жұтануын, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім мәнін қайта жандандырады. Туындыда дүниеқоңыздық пен арсыздықтың салдары ретінде қарғысқа ұшыраған отбасының тағдыры баяндалып, қылмыс пен имансыздықтың «жазасы» елес арқылы символдық формада ұсынылады. Арслан елесінің функциясын талдаған Г. Орда жазушының «киелі» ұғымын көркем дәлел ретінде пайдаланып, тірі жанды қорлаудың соңы қайтарымсыз зардапқа әкелетінін Арслан бейнесімен нанымды суреттегенін көрсетеді. Жаназа жасалмаған, әділетсіздік көрген кейіпкердің аруағы ай толған сайын елес ретінде үйге оралуы – осы идеяның ішкі логикасына бағынған сюжет құралы ретінде түсіндіріледі (Орда, 2015). Ғалым пайымында романда қайталанып берілетін мезгілсіз өлім оқиғалары мен елестің ай толған шақтағы «қай-

туы» себеп-салдар тізбегін күшейтеді; бұл ретте елес мотиві кейіпкерлердің кінә, үрей, өкіну сияқты психологиялық күйлерін шегіне жеткізетін қысым механизміне айналады (Орда, 2015). Туындыдағы Төрегелді мен Хадиша желісі де дәл осы моральдық логикаға құрылған. Жазушы қылмысты жасыру, адам құқығын аяққа басу және байлық үшін ар-ұяттан аттау сияқты әрекеттердің салдарын көркем жазалау түрінде көрсетеді. Шығармада Хадишаның психологиялық күйзелісі тереңдеп, үйден безіп, елеске ергендей халде көзден ғайып болуы мәтіннің трагедиялық қорытындысын бекітеді (Досжан, 2013, б. 72). Мұнда автор ұрпақ тағдырының әрі қарай ашып айтылмауын да арнайы көркем шешім ретінде қолданғаны байқалады. Тәуелсіздік кезеңі прозасында бұрын ашық айтылуы шектелген имандылық пен дін мәселелерінің көркем мәтінге белсендірек енуін зерттеушілер жалпы үрдіс ретінде атап көрсетеді. Осы тұрғыда Г.С. Балтабаева қазіргі қаламгерлер туындыларында мұсылмандық ұғымдардың көркемдік сипатта жаңаша өзгергенін, ой-сана еркіндігі авторлық тынысты кеңейтіп, исламдық тақырыпты бейнелеудегі шеберлік қырлары жан-жақты ашылғанын тұжырымдайды (Балтабаева, 2012, б. 4). «Үлкен үйдегі үрей» романы дәл осы идеологиялық-эстетикалық кеңістікте орналасып, діни-этикалық категорияларды сюрреалистік сарынмен бейнелеген. Шығармада кейіпкерлердің түс, елес көруі, сананың шектік күйлері арқылы қорқыныш пен үрей сезімін үдету тәсілі жүйелі қолданылады. Бұл – сюрреалистік поэтикаға жақын стильдік бояудың бірі. Ай толған шақта елестің пайда болып, жас әйелдер тағдырына қауіп төндіруі романда бірнеше мәрте қайталануы (Досжан, 2013, б. 119).

«Үлкен үйдегі үрей» романында сюрреалистік сипат үрей эстетикасы, елес мотиві, діни-этикалық астар мен психологиялық қысымның бір мәтіндік кеңістікте қабаттасуы арқылы табылады.

Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» шығармасында шынайы болмыс пен тылсым кеңістіктің қабаттасуы, үрей эстетикасы мен психологиялық қысымның қатар берілуі сюрреалистік сипаттың айқын белгілерінің бірі болып табылады (Ақболатов, 2020).

Осылайша, Сәуле Досжан романы қорқыныш эстетикасын пайдалана отырып, шындық пен жалған, ізгілік пен қиянат, еркіндік пен тәуелділік тәрізді ұғымдардың қоғамдық санадағы салмағын көркем формада жеткізді. Туын-

дының философиялық астары – оқырманды сабыр, жауапкершілік, имани дүниеден аттамау туралы ойға жетелеу. Роман дәстүрлі баяндау элементтерін жаңа поэтикалық құралдармен үштастырып, психологиялық әсерді (үрей, мазасыздық, кінә) идеялық мазмұнға тәуелді етіп құрады; нәтижесінде мәтін оқырманнан эмоциялық реакция ғана емес, этикалық-танымдық пайым да талап етеді.

Қорытынды

Шығармаларды саралай келе, модернистік әдебиеттің қуатты бір ағымына айналған сюрреализм қазіргі қазақ прозасы үдерісінен айрықша орын иеленіп отыр. Жазушылар адам санасыздығындағы түрлі қайшылықтар мен катаклизмдерді, үрей мен абыржулы көңіл күйлерді, таңырқауды, тіксінуді, өкінууді, дағдаруды, үміттенуді әсіресе бұрмаланған нақты шындықтар арқылы елестетуге тырысады. Бұл өзгеше бейнелеу тәсілі жаңа эксперименттерді дүниеге әкеледі. Яғни қазақ прозасында сюрреализм жетекші сипат алып кетпесе де, прозаның дамуындағы маңызы арта түсті. Шындықтан жоғары шындықтың тылсым күштері мен таңғажайып құбылыстары жазушылардың басты тақырыбына айналған. Бұл бағыттағы шығармаларда адам, әлем, заттар, кеңістік пен уақыт арасында шекара жоқ. Бәрі бір мезетте араласып кетеді және шексіз жалғаса береді.

Осы шығармалар жүйесі көрсеткендей, қазіргі қазақ прозасындағы сюрреалистік үрдіс батыстық үлгіні тікелей қайталау емес, ұлттық

дүниетанымдағы тылсымдық, рухани дағдарыс, мифопоэтикалық таным және психологиялық иірімдермен сабақтасқан көркемдік форма ретінде қалыптасып отыр.

Сондықтан сюрреалистік поэтика қазіргі қазақ прозасында дербес бағыт ретінде толық орнықпаса да, адам болмысының шекаралық күйлерін, рухани күйреу мен тылсымдықты бейнелеудегі өнімді көркемдік модельдердің біріне айналып отыр.

Қазақ прозасындағы сюрреалистік элементтердің өзіндік ерекшелігі – олардың батыстық үлгідегідей таза психикалық автоматизмге емес, көбіне мифопоэтикалық таным, діни-этикалық астар және рухани дағдарыс мәселелерімен астаса көрінуінде.

Мақала авторларының үлесі

Ж.Ш. Дильдебаева – зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, әдістемесін белгіледі және мақаланың бастапқы нұсқасын жазды; К.С. Ахмет зерттеу материалдарын жинақтап, деректерді өңдеуге және нәтижелерді талдауға қатысты; Д. Түркйылмаз мәтінді ғылыми редакциялады, қорытынды бөлімді нақтылады және мақаланың соңғы нұсқасын дайындауға үлес қосты.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Forcer, S. (2019). From Paris to Tlön: Surrealism as world literature. By Delia Ungureanu. *French Studies*. <https://doi.org/10.1093/fs/knz091>
- Shamilova, S. (2024). Modern French and Azerbaijani poetry at the level of comparativistics. *Scientific Journal of Polonia University*. <https://doi.org/10.23856/6214>
- Joron, A. (2020). American surrealism. *Oxford Research Encyclopedia of Literature*. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190201098.013.1255>
- Strauss, W. (1996). The fictions of surrealism. *Studies in Twentieth and Twenty-First Century Literature*, 20, 9. <https://doi.org/10.4148/2334-4415.1399>
- Spencer, R. (2019). *AfroSurrealism: The African diaspora's surrealist fiction*.
- Ақболатов, А. (2020). Сәуле Досжанның «Үлкен үйдегі үрей» шағын романындағы сюрреализм сілемдері. *Madeni portal*. <https://madeniportal.kz/article/4888>
- Ахметжан, Т. (2001). *Дүниенің қонағы*. Елорда.
- Аширов, Ж. (2018). Әдебиет пен өнердегі сюрреалистік айшықтар. *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы*, (3), 190–192.
- Балтабаева, Г. (2012). *Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасы*. ҚазМемҚызПУ.
- Досжан, С. (2013). *Үлкен үйдегі үрей*. Жазушы.
- Жарылғапов, Ж., Такиров, С., & Жакүлаев, Ә. (2015). *Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм*. ҚарМУ баспасы.
- Исмаил, А. (2022). Барлығының бастауы – бейсаналылық. *Қазақ әдебиеті*, (27–28), 19–23.
- Қабдолов, З. (2007). *Сөз өнері*. Санат.

- Мырзахмет, А. (2013). *Ханшайым*. Жалын.
- Мұхамбетқали, Қ. (n.d.). *Қыпшақ аруы*. https://vk.com/wall-84536564_94
- Нұржанов, Б. (2013). *Модерн. Постмодерн. Мәдениет* (М. Хасен, Ауд.). TENGRI Ltd.
- Омарова, М. (2020). Мистикалық әңгімелер. *Qazaq adebieti*. <https://qazaqadebieti.kz/24440/madina-omarova-mistikaly-gimeler>
- Орда, Г. (n.d.). *Үлкен үйдегі үрей*. <https://kazneb.kz/FileStore/dataFiles/cd/43/1558838/content/full.pdf?time=1527266676653&key=e4e6c0e1a10c46179d52553b6cd92451&isPortal=true>
- Саметова, Ж. (2021). *Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр)* (PhD диссертациясы). Алматы.
- Степин, В., Гусейнов, А., & Семигин, Г. (2010). *Новая философская энциклопедия*. Мысль.
- Стерьеупулу, А. (2008). *Введение в сюрреализм* (Л. Акопяна, Пер.). БаК.
- Тойшанұлы, А. (2005, 9 маусым). Ұлттық рухтың оралуы. *Әдебиет айдыны*, 4–6.

References

- Akhmetzhan, T. (2001). *Dúmenin qonaǵy* [Guest of the world]. Elorda. (In Kazakh)
- Aqbolatov, A. (2020). *Säyle Doszhanın «Ülken üidegi ürei» shaǵyn romanındaǵy siurrealizm silemderi* [Traces of surrealism in Saule Doszhan's short novel "Fear in the Big House"]. *Mädeni portal*. <https://madeniportal.kz/article/4888> (In Kazakh)
- Ashirov, Zh. (2018). *Ádebiet pen ónerdegi siurrealistik aişyqtar* [Surrealist features in literature and art]. *Abai atyndaǵy QazÚPU Habarshysy*, (3), 190–192. (In Kazakh)
- Baltabaeva, G. (2012). *Täyelsizdik kezindegi qazaq prozasy* [Kazakh prose of the independence period]. QazMemQyzPU. (In Kazakh)
- Doszhan, S. (2013). *Ülken üidegi ürei* [Fear in the Big House]. Zhazýshy. (In Kazakh)
- Forcer, S. (2019). From Paris to Tlön: Surrealism as world literature. By Delia Ungureanu. *French Studies*. <https://doi.org/10.1093/fs/knz091>
- Ismail, A. (2022). *Barlyǵynın bastaǵy – beýsanalulyq* [The beginning of everything is the unconscious]. *Qazaq ádebieti*, (27–28), 19–23. (In Kazakh)
- Joron, A. (2020). American surrealism. *Oxford Research Encyclopedia of Literature*. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190201098.013.1255>
- Múkhambetqali, Q. (n.d.). *Qypshaq arýy* [The Kipchak beauty]. https://vk.com/wall-84536564_94 (In Kazakh)
- Myrzakhmet, A. (2013). *Khanshaiym* [Princess]. Zhalyn. (In Kazakh)
- Núrzhанov, B. (2013). *Modern. Postmodern. Mädeniet* [Modern. Postmodern. Culture] (M. Khasen, Trans.). TENGRI Ltd. (In Kazakh)
- Omarova, M. (2020). *Mistikalyq ángimeler* [Mystical stories]. *Qazaq ádebieti*. <https://qazaqadebieti.kz/24440/madina-omarova-mistikaly-gimeler> (In Kazakh)
- Orda, G. (n.d.). *Ülken üidegi ürei* [Fear in the Big House]. <https://kazneb.kz/FileStore/dataFiles/cd/43/1558838/content/full.pdf?time=1527266676653&key=e4e6c0e1a10c46179d52553b6cd92451&isPortal=true> (In Kazakh)
- Qabdolov, Z. (2007). *Söz óneri* [The art of words]. Sanat. (In Kazakh)
- Sametova, Zh. (2021). *Qazirgi qazaq prozasyndaǵy kórkemdik izdenister men aǵymdar zhane ony oqytu (XXI ǵasyr)* [Artistic searches and trends in contemporary Kazakh prose and its teaching (21st century)] (PhD dissertation). Almaty. (In Kazakh)
- Shamilova, S. (2024). Modern French and Azerbaijani poetry at the level of comparativistics. *Scientific Journal of Polonia University*. <https://doi.org/10.23856/6214>
- Spencer, R. (2019). *AfroSurrealism: The African diaspora's surrealist fiction*.
- Stepin, V., Guseinov, A., & Semigin, G. (2010). *Novaia filosofskaia entsiklopediia* [New philosophical encyclopedia]. Mysl'. (In Russian)
- Steriepulu, A. (2008). *Vvedenie v siurrealizm* [Introduction to surrealism] (L. Akopiana, Trans.). BaK. (In Russian)
- Strauss, W. (1996). The fictions of surrealism. *Studies in Twentieth and Twenty-First Century Literature*, 20, 9. <https://doi.org/10.4148/2334-4415.1399>
- Toishanuly, A. (2005, June 9). *Últtyq rúkhtyn oraluy* [The return of the national spirit]. *Ádebiet aidyny*, 4–6. (In Kazakh)
- Zharylgapov, Zh., Takirov, S., & Zhaqulaev, Á. (2015). *Qazaq prozasy: modernizm zhane postmodernizm* [Kazakh prose: Modernism and postmodernism]. QarMU baspasy. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Дильдебаева Жайна Шынболатовна (корреспондент-автор) – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com).

Ахмет Күләш Садыққызы – филология ғылымдарының докторы, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: akhmet2013@list.ru).

Түркіөлмаз Дилек – профессор, Анкара Қажы Байрам Уәли университеті (Анкара, Түркия, e-mail: dilek.turkylmaz@hbk.edu.tr).

Information about authors:

Dildebayeva Zhaina (corresponding author) – PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com).

Akhmet Kulesh Sadyqkyzy – Doctor of Philology, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akhmet2013@list.ru).

Turkyilmaz Dilek – Professor, Ankara Hacı Bayram Veli University (Ankara, Turkey, e-mail: dilek.turkyilmaz@hbk.edu.tr).

Сведения об авторах:

Дильдебаева Жайна Шынболатовна (автор-корреспондент) – PhD-докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zhaina.dildebayeva@gmail.com).

Ахмет Куляш Садыккызы – доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akhmet2013@list.ru).

Түркйылмаз Дилек – профессор, Университет Хаджи Байрам Вели в Анкаре (Анкара, Турция, e-mail: dilek.turkyilmaz@hbk.edu.tr).

*Келіп түсті: 27 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 20 наурыз 2026 жыл*